

1996 жылғы 12 қарашада Нью-Делиде (Үндістан) болған авиаапатына байланысты " McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P " халықаралық заң фирмасын Қазақстан Республикасының мүддесін қорғауға тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қарашада N 1402

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1996 жылғы 12 қарашада Нью-Делиде (Үндістан) болған авиаапатына байланысты жалпы тергеу, сот ісін, үкіметтік органдармен, сақтандыру агенттіктерімен және басқа тиісті тараптармен келіссөздер жүргізу, сот құжаттары мен жарысым қағаздарын әзірлеу мен ұсыну, барлық соттарда, комиссияларда, агенттіктерде немесе басқа да уәкілетті органдарда адвокат ретінде сөйлеу және іске қатысты құқық мәселелері мен процедураларды зерттеуді қоса Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру және қорғау үшін " McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасын таңдау туралы ұсынысы мақұлданды.

2. "McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасы ұсынған Хаттаманың мәтіні мақұлданды.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрі К.А. Колпаковқа "McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасымен жасалған Хаттамаға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қою өкілеттігі берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасына осы мәселеге байланысты туындаған қажетті құжаттама мен рұқсат беруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасына 1996 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің кезек күттірмейтін мұқтаждарына арнап көзделген қаражат есебінен 100 000 (жүз мың) АҚШ доллары мөлшерінде аванстық төлем жасасын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне "McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасы ұсынған шотқа ай сайын төлем жасауды Хаттамада айқындалған тәртіп пен шекте жүргізуге рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК